

Л. Кожакеева , Қ. Жылқышыбаева* ,
Қ. Раисов 

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: karluwa1970@gmail.com

1991-2000 ЖЫЛДАР АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУЫ

Бүгінгі қоғамымызда адамдардың тарихи санасын қалыптастырудың негізгі басты тетігі – тарихи білімнің өткені, бүгінгі және болашағы екендігі белгілі. Сондықтан мақаламызда қазіргі тарих ғылымында өзекті болып табылатын тарихи білім берудің негізгі мәселелері қарастырылады. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығындағы оқу-білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен оның даму деңгейлеріне талдау жасалады. Аталған кезеңдегі жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнінің оқытылуы мен мазмұны талданады. 1991–2000 жылдар арасындағы Қазақстандағы оқу-білім деңгейі және жоғарғы біліммен қамтудың жалпы коэффициенті туралы мәліметтер дерек ретінде келтіріледі. Қазақ тарихының оқытылу мәселелері тарих ғылымы тұрғысынан зерделеніп, Отандық тарихтың тарихи білім берудегі маңыздылығына мән беріледі. Аталған жылдардағы мектептер мен жоғары оқу орындары туралы мәліметтер сарапталады. 1980–1990 және 1991–2000 жылдардағы Қазақстандағы тарихи білімнің мазмұнына салыстырмалы талдау жасалынып, оқулықтар мен оқу құралдарының сапалық өзгерістерінің динамикасы кесте және график түрінде көрсетіліп, ғылыми түрде сараланады.

Сонымен қатар, Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында тарих ғылымы саласында еңбек етіп, өз заманының куәгерлері болған тарихшы ғалымдардан аталған тақырыпқа байланысты жеке сұхбаттар алынып, олардың ой-пікірлері мақаланы жазу барысында қолданылады. Мақала тақырыбына қатысты архив құжаттары қолданылып, ғылыми айналымға енгізіледі.

Түйін сөздер: Тәуелсіз Қазақстан, Отандық тарих, ғылым, тарихи білім беру, мектеп, жоғары оқу орны, тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық-рухани құндылықтар.

L. Kozhakeeva, K. Zhylykshybaeva*, K. Raissov
Kazakh National Women's Pedagogical University. Kazakhstan, Almaty
*e-mail: karluwa1970@gmail.com

Development of history education in Kazakhstan in 1991-2000

It is known that historical knowledge is the past, present and future of people, the main force in the formation of historical consciousness in society. The article discusses the main issues of history education, relevant in modern historical science. Changes in the education system and the level of its development in the first decade of independence are analyzed. Analyzed the teaching and content of the subject "History of Kazakhstan" in secondary schools and universities of this period. Data on the level of education in Kazakhstan and the general coefficient of higher education for 1991–2000 presented as data. Teaching the history of Kazakhstan is studied from the standpoint of historical science, the importance of national history in historical education is emphasized. Data on schools and universities for these years are analyzed. A comparative analysis of the content of history education in Kazakhstan in 1980–1990 and 1991–2000 is made, the dynamics of qualitative changes in textbooks and teaching aids in the form of tables and graphs have been scientifically analyzed.

In addition, personal interviews were conducted with historians who worked in the field of historical science and were witnesses of their time and their opinions were used in writing this article. Archive documents on the topic of the article will be used and introduced into scientific circulation.

Key words: Independent Kazakhstan, national history, science, history education, school, higher educational institution, the formation of historical consciousness, national and spiritual values.

Л. Кожакеева, К. Жылқышыбаева*, К. Раисов

Казахский национальный женский педагогический университет. Казахстан, г. Алматы.

*e-mail: karluwa1970@gmail.com

Развитие исторического образования в Казахстане с 1991 по 2000 год

Развитие исторического образования в Казахстане 1991-2000 гг. Известно, что историческое знание – это прошлое, настоящее и будущее людей, главная сила в формировании исторического сознания в обществе. В статье рассматриваются основные вопросы исторического образования, актуальные в современной исторической науке. Анализируются изменения в системе образования и уровень ее развития в первое десятилетие независимости. Проанализированы преподавание и содержание предмета «История Казахстана» в средних школах и вузах этого периода. Представлены данные об уровне образования в Казахстане и общем коэффициенте высшего образования в 1991-2000 гг. Вопросы преподавания «Истории Казахстана» изучаются с позиций исторической науки, подчеркивается значение Отечественной истории в историческом образовании. Анализируются данные по школам и университетам за эти годы. Сделаны сравнительный анализ содержания исторического образования в Казахстане в 1980-1990 и 1991-2000 годах и научно проанализированы динамика качественных изменений учебников и учебных пособий в виде таблиц и графиков.

Кроме того были проведены личные интервью с историками, которые работали в области исторической науки и были свидетелями своего времени и их мнения были использованы при написании этой статьи. Будут использованы и введены в научный оборот архивные документы по теме статьи.

Ключевые слова: Независимый Казахстан, Отечественная история, наука, историческое образование, школа, высшее учебное заведение, формирование исторического сознания, национально-духовные ценности.

Кіріспе

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның ғылым және оқу – білім жүйесінде бетбұрыс жасалып, ұлттық тарих қайта зерделене бастады. Қазақстандағы оқу мен білім беру деңгейі, тарихи білімнің қалыптасуы, оның негізгі бағыттары және дамуы толық зерттелмегендіктен тарихшы ғалымдар тарапынан қызығушылық тудырып келе жатқаны анық. Соның ішінде 1991-2000 жылдар арасында Қазақстандағы тарихи білім берудің дамуы мәселелері тарих ғылымы тұрғысынан әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі. Тоталитарлық жүйе күйрегеннен соңғы тарихи білім берудің қайта өрлеуіне орай, қандай да болмасын қоғам өзінің болашағын ойлайтын болса өткенін таразылап, басынан кешкен тарихынан айтарлықтай сабақ алып отырады. Нақ осы тұрғыдан карағанда өткеннің тарихи білім беруге қатысты тәжірибелеріне айрықша ден қойып, оның іске жарамдыларын кәдеге асыра білу керек. Яғни, тарихи білімнің кеңес дәуіріндегі қол жеткен жетістіктерін орнымен қолдану мәселелері де түбегейлі зерттеулер, түрлі сараптамалар мен талдауларды қажет етеді. Бұл да мақала тақырыбының өзектілігін айқындай түседі.

Осы айтылғандардың негізінде Тәуелсіз Қазақстандағы тарихи білім берудің дамуын

тарихи тұрғыдан зерделеу қажеттілігі Отандық тарих ғылымының ең маңызды міндетіне айналғанын аңғару қиын емес.

Біз қолға алып отырған тақырыптың танымдық практикалық маңыздылығы мен көкейтестілігі күмән туғызбайды. Тақырыптың өзектілігі бүгінгі таңдағы шынайы ахуалды анықтап, Қазақстандағы тарихи білім берудің дамуында қалыптасқан жағдайды шешуде оң нәтижелерге қол жеткізеді. Білім берудің алдында бүгінгі таңда мүлдем жаңа ұйымдастырушылық, әдіснамалық мәселелер бой көтеруде.

Тарихи білім сабақтастығын сақтай отырып, еліміздің рухани өміріндегі саяси-әлеуметтік өзгерістерге талдау жасау қажет. Тәуелсіз еліміздің болашақтағы дамуы үшін өткен күннің қорытындылары мен сабақтарын ой елегінен өткізу өте маңызды. Сондықтан мақаламызда Қазақстандағы тарихи білім беруде тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығы барысына және ондағы түбірлі өзгерістер сипатына тоқталып, қайта зерделеуді жөн көрдік.

Материалдар мен әдістер

Біз бұл мақалада тарихи мәселелерді, оның ішінде тарихи білім беру мәселелерін зерттеуге мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістерді қолданамыз. Оның ішінде

тарихи-жүйелілік әдісін және проблемалы-хронологиялық әдісті қолдана отырып, мақаланың мақсаты мен міндеттерін айқындауға қол жеткіземіз.

Үшінші жинақтау әдісі арқылы мәліметтер мен материалдар жинақталып, мақаланың дерек көзі толықтырылды. Төртіншіден, салыстырмалық әдіс мақаламыздың 1980-2000 жылдар арасындағы жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылған оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұнын салыстыруға және көрсеткіштердің динамикалық жағдайын қарастыруға жағдай жасады.

Мақаламызда қолданылған бесінші әдіс – пәнаралық байланыс әдісі. Мақалада заман куәгерлерінен сұхбат алынып, ғылыми айналымға енгізіледі. 1991-2000 жылдардағы заман куәгерлерінен алынған сұхбаттардың алынуы пәнаралық әдістердің қолданылуы арқылы ең алғаш рет ғылыми айналымға тартылуы да мақала тақырыбының өзектілігін арттырды.

Нәтижелер мен талдаулар

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылындағы Қазақстандағы оқу-білім мәселесі

Уақыт көрсеткендей, білім беру саласы әлеуметтік жағынан қорғалмаған болып шықты. Білім беру саласының дамуы көптеген қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды бастан кешірді. 1991 жылдан кейін білім беру

жүйесі белгілі бір дағдарысқа ұшырады. Сонымен бір мезгілде мемлекеттік емес оқу – білім мекемелерінің – мектептер мен жоғары оқу орындарының пайда болуы үрдісі басталды. 1990 және 2000 жылдары білім мен ғылым саласына бөлінетін мемлекет жәрдемақы 6%-дан 3,5%-ға дейін кемісе, 1998 жылы мектепке дейінгі балалар мекемелерінің саны 1991 жылмен салыстырғанда 70%-ға қысқарды. 1993 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша: 154 мың орындық 303 балабақша жабылды, орта мектептің саны қысқарды (Қазақстан тарихы, 2010:537). Бұл педагогтардың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне, білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нашарлатуға әкеп соқтырғаны белгілі. Бюджеттен қаржыландыру мүмкіншілігінің шектелуі мемлекеттік жоғары оқу орындарына қабылдау жоспарының қысқаруына тез әкелді. Ол 1991 жылғы 59950 адамнан 1995 жылы 40160 адамға дейін азайды, яғни 33%-ға дейін шегерілді. 1991 жылдан 1997 жылға дейін мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттерінің саны 288371 адамнан 246390 адамға дейін құлдырады. Бұл көрсеткіштерді төмендегі берілген кестелерден көруіңізге болады (Кесте 1, График 1).

Бұл орайда 1997 жылы студенттердің төрттен бірінен астамы шартты негізінде оқыды (Основныe показатели системы образования Республики Казахстан за 1997 год, 1998: 9).

1-кесте – Қазақстандағы 1990-2001 жылдар арасындағы жоғарғы оқу орындары

Реті	Жылдары:	Жоғарғы оқу орындар саны,бірлік	Профессор-оқытушылар құрамының саны,адам	Студенттер саны, адам
1	1988-1989	45		1075800
2	1990-1991	55	21 955	287367
3	1992-1993	63	24 080	280737
4	1994-1995	101	31 144	275347
5	1996-1997	111	29 766	280783
6	1998-1999	144	27 127	318755
7	2000-2001	170	29 577	440715
	2001-2002	185	34 508	514738




График 1 – 1980-2001 жылдар аралығындағы Жоғарғы оқу орындарының динамикасы
(<https://stat.gov.kz/respondent/form>. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі) Ұлттық статистика бюросы)

Яғни, мемлекеттік жоғары оқу орындарына ақылы негізде оқытуға қабылдау өсіп және жеке меншіктегі оқу орындары ашылды. Сөйтіп, жаңа жағдайда нарыққа бейімделу жолымен аман қалып, даму қажеттігі Қазақстандағы білім беру реформаларының бірінші және негізгі міндеті болды.

Сонымен қатар, 1988 жылы Қазақстанда 233 ғылыми мекемелер, соның ішінде 92 ғылыми-зерттеу институттары болғандығын білеміз, оларда 41 мыңнан астам қызметкерлер жұмыс істеді. Олардың ішінде 1 мыңы – ғылым докторлары, 15 мыңы – ғылым кандидаттары. Бірақ та кеңес жүйесі елдің бұл әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік бермеді.

Халыққа білім беру, ғылым мен мәдениет тек Қазақстан егемендік пен тәуелсіздік алғаннан кейін ғана өзін-өзі дамытуы үшін ауқымды кеңістікке шығып, идеологиялық қасаң қағидалардан арылуға мүмкіндік алды.

Жоғарыда көрсетілген 1 кестеге сәйкес 1 график құрастырылды. Онда 1980 жылдан бастап, 2001 жылға дейінгі аралықта Қазақстандағы жоғары оқу орындарының кему және өсу динамикасы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі) Ұлттық статистика бюросы мәліметтерінің негізінде келтіріліп, талдау жасалды.

Ал, мектеп саласындағы өзгерістерге келетін болсақ, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мектеп жасына дейінгі 654 қазақ балалар мекемесі және жалпы білім беретін 292 мектебі ашылды. 1990-жылдардың аяғында жалпы білім беретін

8610 мектептің 3379 мектебі қазақ тілінде жұмыс істеді, 72-мектеп-өзбек тілінде, 16-мектеп-ұйғыр тілінде, 3-мектеп тәжік тілінде, 1 – мектеп түрік тілінде жұмыс істеді. Аралас мектептердің саны – 2299 мектепке дейін көбейді. Тек орыс тілінде оқытатын мектептердің саны 2840 мектепке дейін азайды. Қазақ тілін оқып үйренушілер үшін жалпы таралымы 5 миллион дана 78 кітап жарық көрді (Қазақстан тарихы, 2010: 540) (Кесте 2, график 2.)


2-ші графикте жоғарыда көрсетілген 2 кесте бойынша 1980-2001 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердің динамикасына талдау жасалды.

Сонымен 2001 жылы оқу-білім саласын қаржыландыруда көптен күткен бетбұрыс байқалды. Ол көп жылдардан бері тұңғыш рет 19,3 миллиард теңгеге айтарлықтай көбейді. Осының есебінен, ең алдымен, мұғалімдерге төленетін жалақы арттырылды (басқа да бюджет мекемелерінің қызметкерлеріне көбейтілгені сияқты 30%-ға артты) (Қазақстан тарихы, 2010: 285).

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында Қазақстан мектебі нарыққа көшумен байланысты елеулі материалдық, кадрлық және моральдық кедергіге тап болды. Алайда халықтың көпшілігі үшін тегін орта білім берудің материалдық және кадрлық базасын сақтап қалудың сәті түсті. XX ғасырдың соңғы он жылдығында қазақ мектептері әлемдік тәжірибе тұрғысында ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар ескеріле отырып, біртіндеп жаңғыртыла бастады.

2-кесте – Қазақстандағы 1990-2001 жылдар арасындағы жалпы білім беретін мектептер

Жылдары	1987 1988	1988 1989	1990 1991	1991 1992	1992 1993	1993 1994	1994 1995	1995 1996	1996 1997	1997 1998	1999 2000	2000 2001	2001 2002
Күндізгі жалпы білім беретін мектептер саны, бірлік	8060	8148	8487	8575	8654	8751	8728	8732	8618	8238	8290	8309	8408
Күндізгі жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар саны, мың адам	7963	8022	3145	3174	3126	3114	3071	3059	3104	3107	3117	3247	3085
Күндізгі жалпы білім беретін мектептердегі педагогтер саны,			248200	260000	273700	266300	270300	274300	262242	241652	262242	276343	273736

**График 2** – 1980-2001 жж жалпы білім беретін мектептер динамикасы

Қазақстан Республикасының 1992 жылы 18 қаңтарда қабылданған «Білім туралы» Заңы (Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 7 июня 1999 года, 1999: 1-3) шындығында алдағы негізгі мақсаттардың декларациясына айналды. Ел жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлттық және әлемдік мәдениетке, оқу тілін және жеке адамды қалыптастыру мен дамытудың базалық принциптері ретіндегі оқу орнының тұрпатын таңдау бостандығына адалдық жариялады. Білім мекемелері оқу бағдарламаларын, нысандары мен әдістерін таңдауда бұрынғыдан айтарлықтай көп дербестік алды. Алайда заңның басты міндетті – мектепті мемлекеттік қолдаудың, жалпыға бірдей орта білім берудің конституциялық талабын іске асыруды шешпеді. Реформалардың стратегиясы да жеткілікті дәрежеде айқын көрсетілмеді.

1991-1992 жылдары жоғарыда айтып кеткендей, алғашқы жеке меншік университеттер пайда болды. Кейінгі жылдары олардың саны айрықша жоғары қарқынмен көбейді және 90 – жылдардың екінші жартысында мүлдем шамадан асып кетті. 1993 жылғы 10 ақпанда Қазақстан Республикасының «Жоғары білім туралы» Заңы қабылданды. Жоғары білім үздіксіз білім беру жүйесінің аса маңызды құрылымдық буыны деп жарияланды. «Қазақстан Республикасының жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясаты» деп аталатын арнаулы бабында саясаттың нарықтық экономика жағдайында жұмыс істейтін жоғары білікті мамандар даярлауға бағытталатыны паш етілді, меншік нысандарына қарамастан жоғары оқу орындарына мемлекеттік қолдау көрсету мағлұмдалды.

Міне, тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында елімізде білім саласында жүргізілген

реформалардың нәтижесінде Қазақстан халқының білім индексі жеткілікті дәрежеде жоғары деңгейде болды. Санақ аралық кезеңде (1989–1999) жылдар) халықтың жалпы оқу-білім деңгейі (15 жастағы және одан үлкен жастағы 1000 адамға шаққанда) 941 промилледен 988 промиллеге дейін, ол былай тұрсын, әйел затында одан да көп. Оқу-білім деңгейінің өсу қарқыны қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындарында екі есе дерлік жоғары болды. Мәселен, егер ауыл тұрғындарында оқу-білім деңгейі 923 промилледен 984 промиллеге

көбейсе, қала тұрғындарында 954 промилледен 991 промиллеге дейін көбейді, оның үстіне, егер қаладағы ер адамдардікі 978 промилледен 996 промиллеге дейін көбейген болса, ауылдық жерлерге 959 промилледен 991 промиллеге дейін көбейген, қаладағы әйелдердің оқу-білім деңгейі 978 промилледен 986 промиллеге дейін көбейген болса, ауыл әйелдерінде 89 пунктке 887 промилледен 976 промиллеге дейін көбейген. 3-кестеде 1959-2009 жылдар арасы Қазақстандағы 15 жас және одан жоғары жастағы халықтың білім деңгейі көрсетілген.

Кесте 3 – 1959-2009 жылдар арасы Қазақстандағы 15 жас және одан жоғары жастағы халықтың білім деңгейі

	Барлығы	Жоғары	Білімі	Барлары	Жалпы орта білім	Негізгі орта білім	Бастауыш білім
			Аяқталмаған жоғары білім	Орта білім			
			Барлығы	Халық			
			Екі жынысы				
1959	5989 678	111265	62934	293683	377969	1449831	1634644
1970	8 125820	342367	114402	615969	1081328	2387316	1872142
1979	9 897532	681789	152757	1165346	2412180	2745817	1675807
1989	11 026090	1069435	193809	2033014	3733981	2200003	1140409
1999	10 693665	1350982	183283	2394445	3915210	1919883	796509
2009	12 156705	2407523	380003	3039965	4074026	1621460	594546

(Қазақстан Республикасындағы білім. Қазақстан Республикасы халқының 2009 жылғы Ұлттық санағының қорытындылары. Статистикалық жинақ / астында.ред. Ә. Смайылов. Астана. -2011. 5-8 бет)




График 3

3-кесте бойынша құрастылған 3-графикте ҚР-ның 2009 жылғы Ұлттық санағы негізінде мәліметтер келтірілген. Осы мәліметке байланысты 1959-2009 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жалпы халықтың саны және олардың білім деңгейіне талдау жасалынды.

Егемендік жылдары республиканың байырғы халқының білім деңгейінде күрт өрлеу байқалды: 1000 адамға шаққанда 126 қазақтың жоғары білімі бар болып шықты. Қазақ жастарының қатарынан шыққан студенттер санының ерекше қауырт өсуі 90-жылдардың басына тұспа-

түс келді. Қазір жоғары оқу орындарында оқитын қазақ-студенттер санының тұрақталғаны байқалады. Қазіргі кезде олардың жоғары оқу орындарындағы үлесі 70%-ды құрайды, егер өскен болса, онда ол болмашы ғана.

Республиканың жоғары оқу орындарында оқитын басқа ұлттар жастарының саны да көбейді. Әсіресе бұл түрікмендерге (44,9%), тәжіктерге (17%), қырғыздарға (15,8%), әзірбайжандарға (11,6%) тән. Тек белорустарда ғана бұл көрсеткіштің 7,5%-ға төмендегені тіркелді. Қазір осы ұлттар халқының 1000 адамға шаққанда орта 123 орыстың; 73 әзірбайжанның; 78 белорустың; 262 корейдің; 64 немістің;

132 татардың; 74 өзбектің; 77 ұйғырдың; 104 украинның жоғары білімі бар (Қазақстан тарихы, 2010: 277).

Қазақстан экономикасы саласында барлық қызмет атқаратындардың арасында жоғары және арнаулы орта білімді адамдардың үлесі едәуір артты: егер 1989 жылы жоғары білімі бар адам саны 1000 адамға шаққанда орта есеппен 130 болса, 1999 жыл 212 адам болды; арнаулы орта білімі барлар болды (Қазақстан тарихы, 2010: 279). 4-кестеде Қазақстандағы 1980-2001 жылдар аралығында жоғарғы біліммен қамтудың жалпы коэффициенті туралы мәліметті келтіруді жөн көрдік

4-кесте – Қазақстандағы 1980-2001 жылдар аралығында жоғарғы біліммен қамтудың жалпы коэффициенті

	1980	1999	2000	2001
Қазақстан Республикасы	35,0	37,50	37,76	43,06
оның ішінде:				
әйелдер	39,47	41,20	41,29	47,89
ерлер	28,87	34,15	34,32	38,37

(<https://stat.gov.kz/respondent/form>. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі) Ұлттық статистика бюросы).




График 4 – Қазақстандағы 1980-2001 жылдар аралығында жоғарғы біліммен қамтудың жалпы коэффициенті

4-кестеде көрсетілгендей, Қазақстандағы 1980-2001 жылдар аралығында жоғарғы біліммен қамтудың жалпы коэффициентінің өсу динамикасы және тұрақтылығы байқалады.

Жоғарыда көрсетілген төрт кестедегі жалпы мәліметтерде келтірілген еліміздегі оқу-білім дамуы туралы айтатын болсақ, халықтың жалпы оқу-білім деңгейінің артуы мемлекеттік емес жоғары оқу орындары желісінің кеңейтілуі және мемлекеттік оқу орындарына ақылы негізде шектеусіз дерлік қабылдануы нәтижесінде

жүзеге асты. Мәселен, 1990/1991 оқу жылында Қазақстанда 55 жоғары оқу орны болды, олардағы оқушылардың саны 287,4 мың адамға жетті; 1999/2000 оқу жылында жоғары оқу орындарының саны 163-ке, шәкірттерінің саны 365,4 мыңға жетті, олардың ішінде 106 мемлекеттік емес жоғары оқу орны жұмыс істеді, олардағы студенттердің саны 94,4 мың адамға жетті (Қазақстан тарихы, 2010: 276). Кейіннен жоғары оқу орындарының саны және тиісінше оларда оқитын жастардың саны жеткілікті

дәрежеде жоғары деңгейде қалды. Мәселен, 2000/2001 оқу жылында оқу орындарының саны 170-ке, олардағы оқушылардың саны 440,7 мыңға; 2001/2002 оқу жылы жоғары оқу орны — 185-ке, оқушыларының саны — 514,7 мыңға; 2002/2003 оқу жылы — жоғары оқу орны 177-ге (597,5 мың оқушы); 2003/2004 оқу жылы — 180-ге (658,1 мың оқушы); 2004/2005 оқу жылы — 181-ге (747,1 мың оқушы); 2005/2006 оқу жылы — жоғары оқу орны саны 181-ге жетіп, онда 775,8 мың оқушы оқыды. Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының саны бұл жылдары ұдайы өсу үстінде болды — тиісінше 112, 126, 127, 134. Жеке меншіктегі жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің саны да көбейеді — тиісінше 126,9 мың оқушы, 182,5 мың оқушы, 257,0 мың оқушы, 297,9 мың оқушы (Қазақстан тарихы, 2010: 277). Бұл көрсеткіштер Тәуелсіздіктің нақты жетістіктерінің көрсеткіштері болды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы он жылындағы тарихи білім беру

1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік алғаннан кейінгі еліміздегі оқу-білімнің жағдайына барынша талдау жасауға тырыстық, енді тарихи білім беру мәселесіне тоқталайық. 1991-2000 жылдары аралығында еліміздің білім, ғылым және саяси жағынан маңызы бар Қазақстан тарихы пәні орасан зор өзгерістерге ұшырады. Өйткені, Кеңес заманында тарихи білім беруге мемлекет тарапынан үлкен қысым жасалынып, ол тек идеология ретінде, мемлекеттің барлық саяси талаптарын іске асырудың басты құралы ғана болды. Тарихи білімнің теріс қалыптасуы, тарихи сананың улануы, отаршылдық саясаттың құрбаны болу, ұлттың, қоғамның азып-тозуына әкеліп соқты. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік өзгерістер тарихи білім беру жүйесін де дағдарысқа ұшыратты. 1980-1990 жылдары «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұны мен мәні қандай болды? деген сұрақтарға Республикалық Орталық Архив құжаттарын қолдана отырып, талдау жасадық.

Атап айтатын болсақ, 1871 қордың «Отчет о работе кафедры Истории КПСС и научного коммунизма за 1973-1974 учебный год» деп аталатын 586 ісінде Қазақстан тарихы пәні қалай оқытылғандығы туралы құжаттар сақталған (ҚРОМА, 1871 қор, 586 іс, 10 б.). Бұл архив құжатынан «КПСС тарихы және ғылыми коммунизм» кафедрасында жүргізілген оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстардың барлығы дерлік СССР Министрлер кеңесінің белгіленген бағдарламасына сәйкес жүргізілгендігін көреміз. Яғни, сол кездегі Қазақстандағы жоғары

оқу орындарында жүргізілетін білім беру бағдарламалары КСРО өкіметі бекіткен бағдарламаларға сәйкес жүргізілгендігін білдіреді. Сонымен қатар, архив құжатында кафедраның оқу-әдістемелік жұмыстары марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектеріне, Коммунистік партияның XXIV съездінің шешімдеріне және қаулылары негізіне сүйенеді деп жазылған. Яғни, кафедрадағы оқулықтар, оқу құралдары, жазылатын мақалалар, ашық дәрістер және т.б. тек қана партияның құжаттарын оқыту мақсатында жүргізілген. Бұл жерде Отандық тарихты оқыту туралы, ұлттық тарихи білім беру туралы сөз де қозғалмаған.

Сонымен қатар, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының қалай жүргізілгендігі туралы да архив құжаттары мәліметтер береді. (ҚРОМА, 1871 қор, 586 іс, 6-7 б.). Бұл жерден студенттерге тарихи білім беруде кеңестік идеологияның қаншалықты деңгейде жүргізілгендігін көруімізге болады. Сабақ барысында оқытылатын дәріс, семинар сабақтары, қосымша оқу-әдістемелік оқулықтар мен оқу құралдары, жүргізілетін ғылыми — зерттеу жұмыстарының барлығы марксизм мен ленинизм классиктерінің еңбектері, КПСС-тің съезд материалдары болғандықтан коммунистік идеология деңгейінде тарихи білімді қалыптастырған. Қазақ халқының тарихы мүлдем оқытылмаған деп айтуға негіз бар. Оқытылса да оған басты көңіл аударылмаған, азын-аулақ тақырыптар ғана оқытылған.

Архив құжаттарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарынан Отан тарихы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары болмағандығын көреміз. Себебі, Кеңес өкіметінің идеологиясының басты мақсаты қазақ жастарын орыстандыру болды. Отанының тарихын білмейтін жастарды басқару және қазақ ұлтын бағындыру да қиындық тудырмайтынын білді. Сондықтан кеңестік идеология осы мақсатын іске асыру үшін тарихи білім беру жүйесінде аянбай жұмыстар атқарды.

Қазақстан тарихы пәнінің ең алғашқы дербес бағдарламасы Отан тарихының мазмұнындағы тұңғыш бағдарлама болды. Бағдарламада Қазақстан тарихындағы қоғамдық-саяси қайраткерлердің, ғалымдардың, ағартушылардың және т.б. да тұлғалардың қызметі мен шығармаларына, жеке қасиеттері мен мінездеріне айрықша назар аударылды. Тарихта орын алған ақтаңдақтар, бұрмалаушылықтар, жасырылып келген фактілер мен оқиғалар, түрлі нәубеттер мен келеңсіздіктер

мен оның себептері көрсетілді. Атап айтатын болсақ, 1991 жылдан бері ғалым Т.Т.Тұрлығұл (Тұрлығұл 2003, 2011) мектепте қоғамдық пәндерді оқыту тұжырымдамаларын (Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде «Қазақстан тарихын» оқыту тұжырымдамасы, 1992, 1994; Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, 1995), білім стандарттарын (Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей білім беру стандарты, 2002), бағдарламаларын, әдістемелерін жаңа буын оқулықтарын, оқу – әдістемелік кешендерін жасауға басшылық етті.

Академик М.Қ.Қозыбаев жоғарғы оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептердің 9-10 сыныптарына жазған оқулықтары, оқу құралдары және Отан тарихы ғылымының жаңа белестегі даму деңгейін көрсететін еңбектері Қазақстан тарихнамасына қосқан қомақты үлес болды. Академик М.Қ.Қозыбаев 1991 жылдан бастап, қазақ орта мектебіндегі білім мазмұнының тұжырымдамасын жасау жөніндегі комиссияның құрамында жұмыс істеу барысында заман талабына сай оқулықтар дайындау қажеттігіне көз жеткізіп, ғалым Н.Бекмахановамен бірлескен авторлықта 10-сыныпқа арналған «Қазақ ССР тарихы» мен «История Казахской ССР» (1997) оқулығын шығарды. Ғалым І.Қозыбаевпен «История Казахстана» (1993), «Қазақстан тарихы» және хрестоматиялар (1994, 2004), 5-11-сыныптарға – «Программы по истории Казахстана для средней школы» (1992, 1993), 10-сыныпқа – «Қазақстан тарихы» (1995, 2-бас.; 1997, 3-бас.; 2003, 2004), осы авторлықта 9-сыныпқа (2000), «История Казахстана» (ұйғыр тілінде) (1996), «Қазақстан тарихына арналған» дәптер (1998), К.Нұрпейіс пен Қ.Жүкешевтермен бірлескен 9-сынып – «Қазақстан тарихы», жоғары оқу орындарына – «Ақтаңдақтар ақиқаты» (1992), «Исторический опыт защиты Отечества» (1999) оқу құралдарын ұсынды. Мектеп оқушылары мен көпшілік қауымға арналған «Иллюстрированная история Казахстана» (1т. А., 2001) танымдық кітабы шығарылды. Бұл ғылым және білім беру саласында атқарылған қомақты ғылыми, әдістемелік жұмыс тәуелсіздік таңымен келген Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнының өзгеруіне және пәннің оқытылуы барысына айрықша әсер етті.

Жоғарыда көрсетілген оқулықтар мен оқу құралдарының ішінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Манаш және Ілияс Қозыбаевтардың, К.Нұрпейіс және Қ.Жүкешевтардың 9-сынып

оқушыларына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығының алар орны айырықша (Қозыбаев, Нұрпейіс, Жүкешев, 2005:3-80). Бұл оқулық барлық ұстаздар мен оқушылар үшін күткен кітаптардың бірі болды. Онда Қазақстан тарихының 1914 жылдан бастап 2004 жылға дейінгі қазақ халқының тарихы шынайы зерделенген кітап болды. Қаншама жылдар Отандық тарихи білімді қалыптастыруда ең басты орын алатын тарихымыздың шынайлығы осы армандардың орындалғандығының дәлелі болды десек артық айтпаймыз. Сөзіміздің дәлелі ретінде кітаптың мазмұны мен құрылымына талдау жасап кетейік. Бұл кітап кеңестік білім беру жүйесінде қалыптасқан оқулықтардан өзгеше дайындалған оқулық екендігін көруімізге болады.

Аталған оқулықта еліміздің 1914 жылдан бастап 2005 жылдарға дейінгі тарихы қамтылған. Үш бөлімнен тұратын оқулықтың «Қазақстан азаматтық қарсы тұру кезеңінде» деп аталатын бірінші бөлімінде – қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, 1917 жылғы Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісі тұсындағы бастан кешкен оқиғалары баяндалады. Қазақстанның тоталитарлық жүйе жағдайындағы дамуы тарихы- екінші бөлімде, 1991 жылдан 2005 жылға дейінгі тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-әлеуметтік өмірінде болып жатқан түбегейлі бетбұрыстар – үшінші бөлімде сипатталған. Әсіресе, оқулықта 1943 жылдан 1991 жылға дейінгі баспадан шыққан оқулықтарда жарияланбаған, жазылмаған қазақ тарихындағы ең күрделі, қайшылықты, тіпті трагедиялы кезең 1916-1945 жылдар аралығы шынайы жазылады. Мұнда он алтыншы жылғы көтерілістің қанды қырғыны, Кеңестік үкіметтің коммунистік идеологиясының салдары, Алаш азаматтарының ұлттық идеясы мен қилы тағдыры, азамат соғысы кезеңіндегі аласапыран заман ақиқаты, бай-феодалдарды тәркілеу кезіндегі озбырлықтар, қазақтың тең жартысын жалмаған Голощекиндік геноцидтің зұлматы, отыз жетінші жылғы сталиндік репрессия, Ұлы Отан соғысы кезеңінің шымырқанған шындығы баяндалады. Бір ғана мәселені қарастырайық, осы уақытқа дейінгі оқулықтарда Алаш қайраткерлерінің рөлі мен қызметі туралы айтылмағаны былай тұрсын, аты-жөндері де аталмаған еді және тек қана аталса да ұлтшыл-буржуазияшыл топтар деп көрсетілген болатын. Ал, бұл оқулықта шындық жазылды. Аталған оқулықтың «1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін құрылған саяси партиялар мен ағымдар» бөлімінен үзінді

келтірейік: «Ұлттық демократияшыл зиялылар ұлт азаттығы идеясын таратушы, қазақ халқының ұлттық санасын оятушы, отаршылдыққа қарсы күреске дем беруші болды. Ол күресті Ресейдің либералдық-демократиялық қозғалысының көрнекті қайраткері, бұрын кадет партиясы Орталық комитетінің мүшесі болған Әлихан Бөкейханов басқарды. Көрнекті ағартушылар мен демократтар, революциялық қозғалысқа белсене қатысушы А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ә.Ермеков, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар, Ж.Ақбаев, М.Шоқаев, М.Тынышбаев және басқа көптген адамдар оның пікірлес серіктеріне айналды. Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету, эволюциялық-конституциялық жолмен автономиялық ұлттық мемлекет құру идеясы қозғалыстың негізгі өзегіне айналды. 1905 жылы бой көрсеткен алаш қозғалысы Ақпан революциясынан кейін қайта жанданды...», - деп, (М.Қозыбаев, І.Қозыбаев 2005: 19-30) авторлар оқулықта қамтылған кезең Отандық тарихнамада бұрын ақиқат тұрғысынан жазуға тиым салынған немесе коммунистік идеология тұрғысынан біржақты ғана қарастырылған мәселелер ашық қарастырылады.

Сонымен, жоғарыда атап көрсетілгендей, 1991-жылдан бері Қазақстандағы тарихи білімдік ой-сана мүлде жаңа бағытта дамуға бет алды да, 2001 жылы Қазақстан тарихы пәнін Тәуелсіздік жағдайында оқытудың алғашқы 10 жылдығы аяқталған тұста, республика мектептерінің 5-11 сыныптарға арналған Қазақстан тарихының жаңа оқулықтары түгелдей шығып үлгерді. Атап айтатын болсақ, Д. Бабаевтың «Қазақ ССР тарихы». 8-класқа арналған оқу құралы (1990 ж.) және Қазақстан тарихы. (XV–XVII ғғ.) II бөлім. 8-класқа арналған оқулығы (1994 ж.), Ж.Қ. Қасымбаевтың «Қазақстан тарихы (XVIII ғ. – 1914 ж.) 8 сыныпқа арналған оқулығы (1993 ж.), М.Қ. Қозыбаев және М. І. Қозыбаевтың «Қазақстан тарихы» 10 сыныпқа арналған оқулығы (2004 ж.), К. Нұрпейісов, Б.Аяғанов, Н.Жақсылықовтың «Қазақстан тарихы». Орта мектептің 11 класына арналған оқулығы (1998 ж.), Б.Көмекотің «Ортағасырлардағы Қазақстан» 7-8 сыныптарға арналған оқулық (2000 ж.), К.М.Байпақовтың «Ежелгі Қазақстан тарихы» 6 сыныпқа арналған оқулық (1994 ж.), Т. Т.Тұрлығұловтың «Қазақ ССР тарихынан әңгімелер» 5-класқа арналған оқулық (1991 ж.), «Қазақ елінің қысқаша тарихы» 5-класқа арналған оқулық (1995 ж.), «Ежелгі Қазақстан тарихы» 5 сыныпқа арналған оқулық (2001, 2002, 2000 ж.), Н.Е.Бекмаханов,

М.А.Зарифованың «Қазақстан тарихының хрестоматиясы» (1992 ж.), М. Қ.Қозыбаев, І.М.Қозыбаевтың. «Қазақстан тарихының хрестоматиясы» (1994 ж.). Қазақстан тарихы пәні бойынша жалпы білім беретін мектептерде 1990-1999 жылдар аралығында 5-11 сыныптарға арналған көптеген оқулықтар шықты.

Сонымен қатар, 1991-2000 жылдар аралығында Қазақстан тарихы курсы мектептің 5-9 сыныптарында оқытылды, оған 221 сағат бөлінді. Ол Қазақстан жеріндегі адамзат тарихын ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтыды, мектеп оқушылары Отан тарихы туралы жан-жақты біршама жүйелі, аяқталған білім ала алды.

Сонымен қатар, мақаламызды жазу барысында пәнаралық тарихи әдіс аясында сол заманда мектепте және жоғары оқу орындарында білім алып, еңбек еткен ғалымдар мен заман куәгерлерінен сұхбаттар алынды. Мақаламызда заман куәгерлерінің пікірі ретінде тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Б.Қалыштан сұхбат алынды. Сұхбат барысында профессор Аманжол Боранбайұлының жүріп өткен тарих ғылымындағы жолы, тәжірибесі туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар, мақала тақырыбы аясында аса маңызды сұрақтар қойылып, ғалым өзінің құнды ой-пікірін ортаға салды.

Мысалы: «1980-1990 жылдарға қарағанда 1991-2000 жылдары аралығында Отандық тарихымыз шынайы жазылды ма?» деген сұраққа ғалым Аманжол Боранбайұлы: «Кеңес өкіметі кезінде идеологиялық саясат өте қатты болғаны тарихымыздан білеміз. Өзіміздің тарихымызға, түркі тектес халықтардың тарихына көңіл бөлінбеді. Тек қана орыс тарихы оқытылғаны белгілі. Ал, көңіл бөліп, қазақ халқының тарихын шынайы жазғандарды ұлтшыл деп соттады. Ғалымның атқанындай, Кеңес өкіметі қазақ халқының тарихын жазуға ешқандай да мүмкіндік бермеген. Ал, «1980-1990 жылдар аралығында «Қазақстан тарихы» пәні кеңестік идеологияның негізгі құралы болды ма?» деген сауалдың жауабы тіпті осы ойымызды растап отырғандай: «Енді міндетті түрде. Мына гуманитарлық салада Кеңес өкіметі тарих арқылы өздерінің идеологиясын арттырып, ұстанып отырды. Оны ұстанбаса жұмыстан шығарып, соттап жіберетін. 1980-1990 жылдар аралығында «Қазақстан тарихы» пәні кеңестік идеологияның негізгі құралы болды. Шындығына келгенде орыстандыру саясатын жүргізді. Қазақстанда барлық қалаларда қазақ

мектептері жабылды. Бірде – бір қазақ мектептері қалмады. Алматыда 1-2 мектеп болды. Енді бір 50 жыл болғанда қазақ халық ретінде құритын еді. Бір жақты орыстардың тарихын жақсы білетін едік. Ал біздің 35 түркі тектес халық екендігімізді айтуымызға тиым салынды», - деген пікірі сол замандағы кеңестік саясаттың қандай деңгейде, қандай мақсатпен жүргізілгендігін нақты көрсетіп отыр. Тарихи шындық міне осы. Ғалым: «Осыны айтатын уақыт жетті деп ойлаймыз»,- деп, биылғы 2021 жылдың қаңтар айында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «ЖОО мектептерге Қазақстан тарихы пәні бойынша оқулық жазу туралы» бастамасын қолдайтындығы туралы пікірін де білдірді. Қазіргі шығарылып жатқан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұндық деңгейі жөнінде де толық ойымен бөлісті. Оқу құралдары мен оқулықтардың сапасы, мазмұны жағынан толық сай емес, себебі оны жазуға ғалымдарымызға жағдайдың жасалмай отырғандығын да атап өтті. Сұхбатымыздың қорытындысы ретінде ғалым Б.А.Қалыш «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнын жақсартуда теориялық- методологиялық мәселелер бойынша өзінің нақты ұсыныстарын ұсынды: «Қазақстан тарихын қайтадан жазу үшін авторлық ұжым құрып, білікті мамандарды тарту қажет. Қазақстан тарихының кезеңдері коммунисттик идеологияның салдарымен жазылған, соның бәрін өзгертуіміз керек Бізде теориялық- методологиялық мәселелер жоқтың қасы. Біздер де солардан арнайы кафедра ашып, арнаулы пәндер берілуі тиіс. Отандық тарихтың теориялық- методологиялық әдісі болмауы себебінен кезіндегі марксизмнің идеологиясы мен әдістемесімен келе жатырмыз. Өзіміздің теориялық- методологиялық әдісіміз болса ештеңеден бұқпай тарихымызды дұрыстап жазып беретін едік. Біз түркі әлемінің еліміз, түркі өркениетінің ұрпағымыз. Қайтадан теориялық- методологиялық жаңа әдістерді енгізуіміз қажет».

Еліміз 70 жылдай кеңес үкіметінің құрамында болған кезінде тарихымыз маркстік-лениндік әдіснамаға сай жазылып, зерттеліп келді. Сондықтан қазіргі уақытта Қазақстан тарихын шынайы тарихқа негіздеп оқыту аса өзекті, күрделі, көп қырлы мәселелердің бірі болып табылады. Ең бастысы Қазақстан тарихы пәнін орта білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытудың аражігі ажыратылуы тиіс. Қазіргі уақытта пәнді орта және жоғары мектепте оқытуда қайталаулар орын алған. Осыған

байланысты пәннің типтік оқу бағдарламаларын қайта қарау қажет.

Қазақстан тарихын оқытуда тың бағыттар, тәсілдер мен әдістерді меңгеру және оларды күнделікті білім беруде пайдалану мәселесі көкейкесті болып табылады. Сондай тың тәсілдердің бірі пәнаралық байланыстарды орнату болып саналады. Уақыт өте келе пәнаралық байланыстың қағидаттары үлкен сұранысқа қайтадан ие болады. Пәнаралықтан өзге оқытудың интерактивті тәсілдерін пайдалану қалыптасқан әдістермен қатар оқытушының әр алуан түрлерді ұсынуына мүмкіндіктер береді. Оқытудың жаңа технологияларын пайдалануда әдістемелік ұсынымдардың маңызы арта түсері сөзсіз.

1991 жылдан бастап, тарихи білімді дамытуда ұлттық тарихымызды қайта зерделеп, объективті түрде жаңа заман тұрғысынан зерттеуде мемлекеттік қолдаудың қосқан үлесі орасан зор болды. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында көптеген мерзімді баспасөздерге цензуралар жойылып, жаңа газеттер мен журналдар шыға бастады. Бұрын жариялануға жатпайтын статистикалық ақпараттың тізбесі қайта қаралды. Бұрын жабық болып келген мұрағаттық және кітапханалық қорларға қол жеткізе бастады. Одақтық, республикалық газет-журналдардың беттерінде КСРО-дағы саяси қуғын-сүргін, ұлтшылдық, халық жаулары, жеке басқа табыну және т.б. көптеген тақырыптарды жариялауға мүмкіндік туды. Қазақ қоғамы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің зұлымдық, тоталитарлық саясаты туралы мыңдаған жазықсыз құрбандар туралы, Алаш қайраткерлері туралы шындықты біле бастады.

Қазақстандағы тарихи білімнің дамуы қарқынды жүргізілді. Отан тарихы мен тарихнамасын зерттеудің жаңа концептуальдық тұжырымдарын айқындау және жинақталған материалдарды жаңа тұрғыдан зерделеу нәтижесінде М.Қ. Қозыбаев басқарған институт 1993 және 1995 жылдары орыс және қазақ тілдерінде көне заманнан бүгінге дейінгі «Қазақстан тарихының очерктерін» шығарды. ТМД мемлекеттерінің арасында тұңғыш рет М.Қ.Қозыбаевтың басшылығымен көне заманнан бүгінге дейінгі «Қазақстан тарихының» 5 томдық академиялық басылымының үш томы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Профессор М.Қ.Қойгелдиевтің басшылығымен оның төртінші және бесінші томдары шықты. Қазақтың тарихи білімінің дамуында 1994 жылы жарық көрген «Қазақтың тәлімдік ой-пікір ан-

тологиясы» мен 1995 жылы баспадан шыққан «Антология педагогической мысли Казахстана» деген кітаптардың маңызы зор болды. Академик М.Қ.Қозыбаев тәуелсіз Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттейтін ғылыми мектептің негізін құрды.

Бүгінгі қазақ ұлттық тарихи білімі өркендеген әлемдік тарихи білім деңгейіне көтерілді. Тәуелсіздіктің таңы арқылы тарихшылар тынбай жүргізген жұмыстың нәтижесінде өткен ғасырдың 1990-жылдарының ортасына қарай «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастырудың тұжырымдамасы» дайындалып, арнайы басылымдар мен ғылыми жинақтарда жарияланды. Жаңа тұрпатты оқулықтар мен Қазақстан тарихы бойынша ЖОО үшін жаңа типтік бағдарламалар даярланды. Бірақ халқымыздың тарихты ауызша баяндау үлгілері мен әдебиет аясында дамыған тарихи білімдік ой-сана мәселесін зерттеп, жүйелеу әлі күнге кенжелеп отыр.

1990-2000 жылдықтардағы тарихи оқиғалардың жедел дамуы – кеңестік дәуірден кейінгі өтпелі кезеңге аяқ басуы, егемендік пен тәуелсіздік алуы, ұлттық мемлекеттіліктің қалпына келтіруі, демократиялық және нарықтық қатынастарға көшу, Республиканың әлемдік ынтымақтастық қауымдастығына енуі, міне, осылардың барлығы қоғамтанушылар мен тарихшылардың алдына өткеніміз бен бүгінгімізді жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қарастыру, зерделеу міндеттерін жүктеп отыр.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің басты саясатының бірі- мемлекетті рухани тұрғыдан өркендету, патриоттық рухты, ұлтжандылықты, Отансүйгіштікті, патриотизмді күшейту болып табылады. Бұл мақсатқа тек Отан тарихын оқыту және тарихи білімді дамыту арқылы жететіндігіміз бәрімізге белгілі.

Отан тарихын оқытуда жалпы білім беретін мектептер мен Жоғары оқу орнының студенттеріне алғашқы адамзаттың даму кезеңінен бастап, бүгінге дейінгі еліміздің басынан өткерген түрлі тарихи оқиғаларын оқыту, соның барысында тарихи білімді қалыптастыруымыз қажет, яғни, мемлекеттің рухани, материалдық мұраларына құрметпен қарап, саяси-мемлекеттік маңызды тарихынан толық хабардар болуын қамтамасыз етіп, тарихи сабақтастықты жалғастыру керек екендігі бәрімізге белгілі.

Қорытынды

КСРО тұсында Қазақстанда 1958-1959 жылдар аралығында мектептер мен ЖОО-да оқытылған Қазақстан тарихы пәніне бөлінген сағат көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да өте аз және тек кеңестік идеология аясында жүргізілген деген тұжырым жасалынды. Тек Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында білім беру және оқыту ісі алға басып, жанданғаны анықталды.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында оның мемлекеттік мүддесіне сай тарихи білімді дамыта отырып, халықтың тарихи санасын қалыптастыру – елдің айқын келешегі мен ұрпақтар сабақтастығы үшін аса маңызды екені белгілі. Бұл тұрғыда тарих ғылымының атқарар ролі де, көтерер жүгі де, елдің ұлттың нышанын, тарихи дәстүрі мен мәдениетін сақтап, келер ұрпаққа жеткізу жауапкершілігі де зор. Тарих дегеніміз – халықтың зердесі. Ол болып өткен оқиғалардан құралады, оны түзете алмайсың және жаңадан жаза алмайсың. Біз оны бүкіл қайшылықтарымен және қайғылы беттерімен қоса, ол қандай болса, нақ сондай күйінде қабылдауға тиіспіз. «Әрбір кезеңдегі тарих халықтың, қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани мәселелерімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың әрқайсысының халықтың тарихында алатын орны ерекше, маңызы жоғары болып саналады» Кәрібаев, 2014: 9). Соңғы жылдары қоғамдағы өзгерістермен бірге тарихи білімде, тарих ғылымында да маңызды бетбұрыстар болып жатыр. Қоғамның объективті тарихи білім алу қажеттігін, Қазақстан тарихы үдерісінің үздіксіздігін, қазақ халқы тарихы мен мәдениетінің ежелден бастап қазіргі күнге дейінгі сабақтастығын жаңа айқындамалар тұрғысынан ашып көрсету – бүгінгі жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеудегі алдымызда тұрған аса маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан да Қазақстан тарихының курсы жеке пән есебінде мектептер мен жоғарғы оқу орындарындағы барлық мамандықтардың оқу жоспарларына енгізілген.

1980-2000 жылдардағы жалпы білім беретін мектептерде және жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихының оқытылуы барысы, Қазақстандағы тарихи білім берудің мазмұнына

салыстырмалы талдау жасалынып, осы жылдарда жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының арасындағы өзгерістер мен даму нәтижелері сараланды Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан тарихы пәнінің маңызы көрсетіліп, әр жылдардағы бөлінген сағаттық өсу динамикасы қарастырылды. 1990 жылға дейінгі жазылған оқулықтар мен оқу құралдарынан үзінділер беріліп, аталған жылдардағы оқулықтарда кеңестік идеология саясатының тарихи білім беруді қалыптастыруда қалай және қандай деңгейде әсер еткендігі мысал ретінде көрсетілді.

1991-2000 жылдар арасы Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептер және ЖОО-

ндарындағы тарихи білім беру мәселелерін зерттеуде ҚРОМА құжаттары пайдаланылып, ең алғаш ғылыми айналымға түседі. Заман куәгерлерінен алынған сұхбаттардың қорытынды нәтижесінде Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны, оқытылуы және Отандық тарих ғылымының теориялық-методологиялық мәселелері зерделенді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шыққан жаңа оқу құралдары мен оқулықтардың мазмұны түбегейлі өзгеріске ұшырап, «ақтаңдақтар» ашылып, қазақ тарихы қайтадан жазылып толықтырылғандығы туралы да мәліметтер келтірілді.

Әдебиеттер

Әбу Насыр әл-Фараби. (2007). 10 томдық шығармалар жинағы. 5-том. Әлеуметтік философия. Этика. Әстетика. (2 бөлім) Астана: ТОО «Лотос – Астана». 299 бет.

Әбу Насыр Әл-Фараби. (1973). Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым. 446 бет.

Закон Республики Казахстан «Об образовании». (1999).// Казахстанская правда, 11 июня.

Қозыбаев М., Қозыбаев И. (1993). Қазақстан тарихы . 10-сыныпқа арналған оқулық. Алматы: Атамұра. 224 бет.

Қозыбаев М., Нұрпейіс К., Жүкешев К..(2005). Қазақстан тарихы. 9-сыныпқа арналған оқулық. Алматы: Мектеп. 248 б.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). (2010). Бес томдық. 5 том. Алматы: «Атамұра». 686 бет.

ҚРОМА, 1871 қор,586 іс, 6-10 б.

Кәрібаев Б. (2014). Қазақ хандығының құрылу тарихы. Монография. Алматы: Сардар баспа үйі. 520 бет.

Jaspers K. (2021). The origin and Goal of History. Routledge Francis Group. Fraansiye.

НазарбаевН. (1999). Тарих толқынында. Алматы: Атамұра. 296 бет.

Образование в Республике Казахстан. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Статистический сборник (2011). / Под.ред. А.Смаилова. Астана. 464 стр.

<https://stat.gov.kz/respondent/form>. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы.

Основные показатели системы образования Республики Казахстан за 1997 год. (1998). Алматы. 345 бет.

Тұрлығұл Т. (2003). Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы:Ғылым. 256 бет.

Тұрлығұл Т.Т. (2011) Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. Алматы: Қарасай. 264 б.

References

Aby Nasır El-Farabi. (2007). 10 tomдық shıǵarmalar jınaǵı [Collection of works in 10 volumes]. 5-tom. Aleymettik filosofiya. Estetika. (2bolum)Astana: TOO «Lotos – Astana». 299 p.

Aby Nasır El-Farabi. (1973). Philosophical treatises. Almaty: Gilim. 446 p.

Zakon Respubliki Kazakistan «Ob obrazovaniı» [Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”] (1999) Kazakistanskaya oravda. 11 yunya.

Kozybaev, M., Kozybaev İ. (1993). Kazakistan Tarihi [History of Kazakhstan], 10 sınıbına arналған okulık, Almaty, Atamura, s. 224.

Kozybaev, M., Nurpeis, K., Jukeshev, K. (2005). Kazakistan Tarihi (1914-2004 jj.) [History of Kazakhstan], 9 sınıbına arналған okulık, Almatya, Mektep, s. 248.

Kazakistan tarihi (kone zamannan buginge deyin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)].(2010) 5 tovdiik, 5 tom, Almaty, Atamura, s. 685.

KROMA, 1871 kor,586 is, 6-10 b.

Karibaev B. (2014). Kazak handygynyn kuruly tarihy [History of the Kazakh Khanate]. Monografiya. -Almaty: Sardar -520 p.

Jaspers K. (2021). The origin and Goal of History. Routledge Francis Group. Fraansiye. 2021.

Nazarbaev N. (1999). Tarih tolkynynda [In the flow of history]. Almaty, Atamura. 296 бет.

Obrazovaniye v Respublike Kazakstan. Itogi nazionalhoy perepisi naseleniya reespubliki Kazakistan 2009 goda. Statitizheskii sbornik [Education in the Republic of Kazakhstan. Results of the 2009 National Population Census of the Republic of Kazakhstan. Statistical collection]. (2011). / Pod. Red/ A.Smailova. Astana. 464 p.

<https://stat.gov.kz/respondent/form>. Kazakisran Respublikasi Strategiyalik yosparlay yane rejormalar agenttigi.Ulttik statistika biyrosy [Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. National Bureau of Statistics].

Osnovniye pokazately sistemi obrazovaniya Respubliki Kazakistan za 1997 god [The main indicators of the education system of the Republic of Kazakhstan for 1997]. (1998). Almaty. 345 p.

Turlygul, T. (2003) Mektepte Kazakstan tarihn oqytudyn teoriyasi men adistemesi [Theory and methods of teaching the history of Kazakhstan at school]., Almaty, Gylım, s 256.

TurlyguL, T. (2011) Kazaqstan tarihn oqytudyn teoriyasi men adistemesi Theory and methods of teaching the history of Kazakhstan], Oku kuraly, Almaty, Karasaı, s 264.